

ТҰЖЫРЫМДАМА

«Тұрақты болашақ үшін әлеуметтік инвестициялар» атты Әлеуметтік кәсіпкерлік жөніндегі халықаралық саммит аясында даму институттары мен кәсіпкерлікті қолдау ұйымдарының ақпараттық-консультациялық көрмесін ұйымдастыру

1. Жалпы ережелер

Даму институттары мен кәсіпкерлікті қолдау ұйымдарының ақпараттық-консультациялық көрмесі «Тұрақты болашақ үшін әлеуметтік инвестициялар» атты Әлеуметтік кәсіпкерлік жөніндегі халықаралық саммиттің мамандандырылған алаңы болып табылады және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері, мемлекеттік органдар, даму институттары, қаржы ұйымдары, халықаралық серіктестер және өзге де мүдделі тараптар арасындағы өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған.

Көрме бірыңғай ақпараттық-консультациялық кеңістік ретінде ұйымдастырылады. Оның аясында Саммит қатысушылары мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шаралары, қаржыландыру тетіктері, инвестициялық мүмкіндіктер, гранттық бағдарламалар, кәсіпкерлікті дамыту құралдары, сыртқы нарықтарға шығу мүмкіндіктері, инновациялық қызмет, білім беру бағдарламалары және кәсіпкерлікті қолдаудың өзге де құралдары туралы өзекті ақпарат ала алады.

2. Мақсаты

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау шараларына, қаржылық құралдарға, инвестициялық мүмкіндіктерге және даму бағдарламаларына қол жеткізуін қамтамасыз ететін бірыңғай ақпараттық-консультациялық алаң қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерлер, даму институттары, мемлекеттік органдар, қаржы ұйымдары және халықаралық серіктестер арасында ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытуға ықпал ету.

3. Міндеттері

- Саммит қатысушыларын әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдаудың қолданыстағы мемлекеттік шаралары және оны дамыту мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру;
- даму институттарының, қаржы ұйымдарының және халықаралық серіктестердің қызметі мен мүмкіндіктерін таныстыру;
- мемлекеттік қолдау, қаржыландыру, инвестициялар, гранттық бағдарламалар, кәсіпкерлікті дамыту, инновациялық қызмет және жаңа нарықтарға шығу мәселелері бойынша жеке консультациялар өткізу;
- мемлекеттік органдар, бизнес, азаматтық қоғам және халықаралық ұйымдар арасындағы сектораралық өзара іс-қимылды дамытуға жәрдемдесу;
- жаңа іскерлік байланыстар орнатуға, серіктестік қатынастарды дамытуға және бірлескен жобаларды іске асыруға қолайлы жағдай жасау;
- әлеуметтік кәсіпкерлердің кәсіпкерлік бастамаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде қолжетімді қолдау құралдары туралы хабардарлық деңгейін арттыру.

4. Өткізу форматы

Ақпараттық-консультациялық көрме ұйымдарға арналған ақпараттық стендтерден тұратын мамандандырылған көрме аймағы форматында ұйымдастырылады.

Әрбір стендте:

- ұйым қызметінің таныстырылымы;
- Саммит қатысушыларына консультациялар беру;
- ақпараттық-таратпа материалдарды тарату;
- қолданыстағы қолдау бағдарламаларын таныстыру;
- келушілердің сұрақтарына жауап беру;
- қажет болған жағдайда шағын таныстырылымдар өткізу қарастырылады.

Көрме Саммиттің өткізілу кезеңі бойы жұмыс істейді.

5. Ақпараттық-консультациялық көрменің негізгі қатысушылары

Көрмеге кәсіпкерлікті, әлеуметтік саланы, инновацияларды, инвестицияларды және орнықты дамуды қолдау бағытында қызмет жүзеге асыратын даму институттары, мемлекеттік органдар мен ұйымдар, ұлттық компаниялар, қаржы институттары, халықаралық ұйымдар мен қорлар шақырылады.

Негізгі қатысушылар қатарында:

- «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры;
- Kazakh Invest;
- QazTrade;
- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі;
- QazInnovations.

Қажет болған жағдайда қатысушылар тізімі халықаралық қаржы ұйымдары, даму институттары, донорлық ұйымдар, халықаралық қорлар және даму бағдарламалары есебінен кеңейтілуі мүмкін.

6. Экспозиция

Әрбір ұйымға Саммиттің бірыңғай фирмалық стилінде рәсімделген жеке көрме алаңы ұсынылады.

Экспозиция құрамына мыналар кіруі мүмкін:

- ақпараттық стенд;
- брендтелген ролл-ап немесе ақпараттық конструкция;
- баспа ақпараттық материалдары;
- таныстырылым материалдары;
- мультимедиялық жабдық (қажет болған жағдайда);
- консультациялар өткізуге арналған орын.
-

7. Мақсатты аудитория

Ақпараттық-консультациялық көрменің келушілері:

- әлеуметтік кәсіпкерлер;
- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері;
- үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері;
- қоғамдық бірлестіктердің өкілдері;
- орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері;
- инвесторлар;
- халықаралық ұйымдардың өкілдері;
- қаржы институттарының өкілдері;
- жастардың бастамашыл топтары;
- сарапшылар, серіктестер және Саммит қатысушылары.
-

8. Күтілетін нәтижелер

Ақпараттық-консультациялық көрмені өткізу нәтижесінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік және халықаралық қолдау шаралары туралы хабардарлығының артуы, әлеуметтік кәсіпкерлер, даму институттары, мемлекеттік органдар және халықаралық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылдың кеңеюі, жаңа серіктестік және инвестициялық байланыстардың қалыптасуы, Саммит қатысушылары үшін консультациялық қолжетімділіктің артуы, жаңа әлеуметтік жобаларды іске асыруға қолайлы жағдайлардың жасалуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік кәсіпкерлік экожүйесінің одан әрі дамуы күтіледі.

9. Ұйымдастыру қағидаттары

Ақпараттық-консультациялық көрме ашықтық, қолжетімділік, кәсібилік, практикалық бағыттылық, сектораралық өзара іс-қимыл, ақпаратқа тең қолжетімділік және Қазақстан Республикасында әлеуметтік кәсіпкерліктің орнықты дамуына бағдарлану қағидаттары негізінде өткізіледі.